

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҮШІН ЕРЕН ЕҢБЕК
ИЕСІНІҢ БЕЙНЕСІ ЖОҒАРЫ



2

АРДАГЕРЛЕР ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН



6

ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАР ЕРЕКШЕ
БАЛАЛАРДЫ ҚАМҚОРЛЫҚҚА АЛДЫ



7



Embi ТЫНЫСЫ

№13 (97)
ТАМЫЗ
2022 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

ДАҢҚЫҢ КӨККЕ ӨРЛЕСІН, ҚАРТ ЕМБІ!

Құрметті Атырау облысының тұрғындары мен қонақтары, әріптестер!

Сіздерді Қазақстан Республикасы Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күнімен және «Ембімұнайгаз» АҚ 100 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз!

Биылғы жыл – «Ембімұнайгаз» АҚ үшін ерекше кезең. Қазақ мұнайының қарашаңырағы кәсіби мерекемен қоса ғасырлық мерейтойын тойлауда.

Компанияның бай тарихы Доссор және Мақат кен орындарын игеруден бастау алады. Қазақ мұнай өнеркәсібінің негізі сол кезде қаланған болатын.

Ембі мұнайы кен орындарын игерудің алғашқы күндерінен бастап қазақстандықтардың ерекше символы мен мақтанышына айналды. Ұлы Отан соғысы кезінде майданды жанар-жағармаймен қамтамасыз еткен Қазақстандағы Гурьев мұнай өңдеу зауытына жеткізілген біздің шикізат еді. Ембі қара алтынынан отандық бензиннің, дизельдік отынның және керосиннің алғашқы литрлері өндірілді, бұл еліміздің көліктік, энергетикалық және экономикалық тәуелсіздігінің негізін қалады.

Ғасырлық тарихта Ембі мұнайшыларының династиялары қалыптасып, еңбек, отансүйгіштік, бірлік пен кәсібилік құндылықтары атадан балаға мирас болып жалғасты. Бүгінгі күні кәсіпорынның 100 жылдық қызметінің қорытындысын шығара отырып, біз өндірістік және ғылыми-техникалық жетістіктерді, жеңістер мен табыстарды мақтан ете аламыз. Оның артында ардагерлердің және қазіргі буын мұнайшылардың орасан зор еңбегі жатыр.

«Ембімұнайгаз» бүгінде өндіріс тиімділігін арттыруға және шығындарды азайтуға бағытталған инновациялық идеялар мен жаңа технологияларды батыл қолдануда. Мұнай өндіруші кәсіпорын тәуелсіз Қазақстанның экономикасына елеулі үлес қосып, өнеркәсіп саласының алдыңғы қатарында келеді.

Ембілік мұнайшылар еңбектерімен еліміздің өркендеуіне, халықтың әл-ауқатын арттыруға, отандық экономиканың алға жылжуына үлес қосып жатқанын мақтан тұтады. Еңбекті, қоршаған ортаны, қызметкерлердің құқықтарын қорғау және әлеуметтік кепілдіктерді сақтау жөніндегі міндеттеме, сапалылық пен кәсібилік компания жұмысындағы басымдықтар болып қала береді.

«Ембімұнайгаз» АҚ әрдайым жаңару мен дамуға бағыт алып келеді!

Осынау айтулы күні сіздерге және отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс, тұрақтылық және жарқын жетістіктер тілейміз!

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТІРЕГІ – АТА ЗАҢ!

Мемлекеттік мереке



Осыдан 27 жыл бұрын, 1995 жылы республикалық референдумда елдің басты Ата Заңы қабылданды. Конституция – халықтың әлеуметтік-заңды қорғалуын кепілдендіретін құжат.

Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидаттары бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені – осының айғағы.

Құрметті әріптестер! Жылдан жылға біздің басты құндылықтарымыз – Тәуелсіздігіміз, Келісім мен Бірлігіміз нығая берсін. Әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ тілейміз. Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

100 жылдыققа тарту



«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҮШІН ЕРЕН ЕҢБЕК ИЕСІНІҢ БЕЙНЕСІ ЖОҒАРЫ

Бұл күндер отандық мұнай компаниясы үшін қос мейраммен қатар келуде. ҚР мұнай-газ кешені қызметкерлерінің төл мейрамы кәсіпорынның мерейтойымен ұштасып отыр.

Мұнайлы астанаға ат басын тіреген қонақтары мен қала тұрғындарының назарына соңғы айларда іліккен жақсы жаңалық - Атыраудың көшелеріндегі әдемі дизайнымен көз тартқан баннерлер. Бұл – «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдық мерейтойына арналған «Әр сурет-жеке тарих» атты жобасы. Қазақ мұнайының қарашаңырағы – Ембі өңіріндегі кешегі

мен бүгінгі күндерді жалғап жатқан табысты еңбектің батырлары: Социалистік Еңбек Ерлері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, кен орындарының алғашқы ашушылары, сонымен қатар, бүгіндері табысты еңбектерімен ерекшеленген жас мамандар туралы қысқаша деректер бейнеленген. Қала көшелерінде 100-ден астам баннер орнатылды.

Жобаны жүзеге асыру арқылы компания ембілік мұнайшылардың ғасырға толы жүріп өткен тағылымы мол жолдарын қарапайым еңбек адамының бейнесі арқылы көрсетуді мақсат етті.

Ембі өндірісіндегі кешегі мен бүгінгі күндері орын алған ерен еңбек, сол арқылы ел экономикасының

құретамыры – мұнай-газ саласының дамуына сүбелі үлестерін қоса білген мұнайшылардың табысты күндері компания үшін мақтаныш.

Атырау қаласының көшелерінде орналасқан «Әр сурет-жеке тарих» баннерлеріне кез-келген адам тоқтап, мұқият назар аудара қарайтыны сөзсіз. Өйткені, Атырау-мұнайлы астана, мұнайшылық кәсіп бастау алған киелі мекен. Бұл жобада біреудің атасының, әжесінің, ата-анасының, әріптесінің бейнесі тұр.

Сурет-кешегі күндердің ескірмейтін естелігі, бүгінгі күнге құрмет. Ел игілігі жолындағы еңбек ешқашан ұмытылмақ емес.

Ембі - 100

ҒАСЫРЛЫҚ ДӘСТҮР – ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Елордадағы Ұлттық академиялық кітапханада осындай тақырыппен отандық мұнай-газ кешенінің қарашаңырағы – «Ембімұнайгаз» компаниясының 100 жылдығына орай семинар өтті.

Семинарға ұйытқы болған «Мұнай-газ кешені ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі.

– Мұның бәрі – мұнайшылар үшін үлкен мереке, зор жетістік. Бірнеше күннен кейін Атырау өңірінде тарихы тереңде жатқан компанияның мерейтойы кең көлемде аталып өтіледі. Біз осынау айтулы оқиғаның алдында семинар өткізуді жөн көрдік. Ондағы мақсат – өткенімізден өнеге алып, бүгінгімізге бағдар жасау, аға буын мен қазіргі буынның арасына алтын көпір болу. Осылайша, саладағы жетістіктер мен кемшіліктерді саралай отырып, мұнай-газ кешенінің дамуына үлес қосқанды жөн көрдік. Ардагерлердің айтары көп. Қазіргідей алмағайып кезеңде отандық мұнай-газ саласы ардагерлерінің мол тәжірибесіне, терең біліміне сүйенуі керек. Біз де өз тарапымыздан ортақ іске жұмылуға әзірміз, – деді **аталған бірлестік жетекшісі Анатолий Тегісбаев**.

Қазақстанның Еңбек Ері, мемлекет қайраткері Ұзақбай Қарабалиннің айтуынша, отандық мұнай-газ өндірісінде «Ембімұнайгаздың» алатын орны ерекше.

– Осыдан 123 жыл бұрын Ембі өңірінің Қарашұңгіл деген жерінен алғашқы мұнайдың бұрқағы атылған. Содан бері бұл жерде отандық мұнай өндірісінің негізі қалана бастады. Инвесторлар келіп, мұнай көздерін ашты. 1922 жылы Доссор және Мақат кен орындарын игеру үшін «Ембімұнай» тресі құрылды. Содан бері



мұнайлы өлке елдің дамуына ерекше серпін беріп келеді. Бір ғана мысал, Екінші дүниежүзілік соғыста осы өлкенің мұнайы әскери техникалардың еркін жүріп-тұруына пайдаланылды. Сонымен қатар «Ембімұнайгаздың» отандық мұнайшы мамандарды даярлаудағы орны бөлек. Оны кәсіби мамандарды әзірлеп шығарған ұстахана десе де болады. Өйткені еліміздегі өзге де мұнай кен орындарын игеруде ембілік мұнайшылардың сіңірген еңбегі ерен. Ембіден басталған мұнай өндірісі ел экономикасының алтын діңгегіне айналды. Бүгінде Қазақстан әлемде мұнай қоры бойынша 12-ші орында, газ қоры бойынша 17-ші орында тұр. Бұл – Ембіден басталған игі істің жемісі, – деді **Ұзақбай Қарабалин**.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиев өз сөзінде бүгінде «Ембімұнайгазда» жылына 2 млн 640 мың тонна мұнай өндірілетінін баса айтты.

– «Ембімұнайгаз» компаниясының ел экономикасындағы орны ерекше. Компанияның болашағы зор. Оған қолға алынып жатқан жоба-жоспарлар дәлел. Мәселен, Тайсойған полигонында 18 млрд теңгеге 3D сейсмикалық барлау жүргізілді. 428



млн тонна геологиялық қор бары анықталды. 5,5 мың шаршы метр аумақты қамтыған мұндай ауқымды барлау компания тарихында алғаш рет жүргізілгенін атап өту керек. Бүгінде мұнда 5,5 мың адам еңбек етеді. Бұдан бөлек, компанияның айналасында қызмет көрсететін жеке компанияларда мыңдаған адам жұмыс істейді. «Ембімұнайгаз» болашаққа сеніммен қарайды. Жинақталған мол тәжірибе мен білікті ұжымның арқасында алға қойылған міндеттерді абыроймен орындап келеді. Осы биіктен түспесіне сенеміз, – деді **Құрманғазы Есқазиев**.

Жиын барысында шараға онлайн жүйесінде қосылған ЕМГ басшылары мен ембілік ардагерлер де ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, Ембінің кешегісі мен бүгінгі туралы айтты. **ЕМГ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек Қасымғалиев** 100 жылдың тарихы бар Ембиде бүгінде қолға алынған жобалар, жетістіктер туралы баяндады.

«Ембімұнайгаз» компаниясының 100 жылдығына арналған семинар мазмұнды өрбіді. Іс-шара барысында тарихтан бөлек, отандық мұнай-газ саласының дамуына қатысты келелі ойлар, тың ұсыныстар да айтылды.



ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРАШАҢЫРАҚ



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдығына орай «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ардагерлері мен қызметкерлеріне арналған «Мұнайлы өңірге мың тағым» атты мерекелік шара өтті. Облыс орталығындағы кең де келісті «Алтын шатыр» мейрамханасы бұл күні ерекше әсемделіп, қонақтарды домбырашылар оркестрі қарсылады.

Әпдегеннен үлкен сахнадан «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының тарихына арналған бейнеролик пен театрландырылған қойылым көрсетілді. Расымен де, Тәуелсіз Қазақстанның басты ырысы мен құты, әрине, оның телегей теңіздей өндіріліп жатқан қара алтыны. Халықтың маңдайына біткен осынау байлық – ырыздық-несібені өндіруде мұнайшылардың еңбегі ұшан-теңіз. «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік құрылымдық бөлімшесі – «Доссормұнайгаз» МГӨБ 1911 жылы құрылды. Басқарма Атырау облысы Мақат ауданының аумағында орналасқан. Бүгінгі таңда басқарманың 7 кен алаңында игеру жұмыстары жүріп жатыр. Басқарма мұнай мен газды өндіру және өңдеумен айналысады.

Биыл – қазақ мұнайының қара шаңырағы, еліміздің ең ірі өндіріс орындарының бірегейі – «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамына 100 жыл. Атап өтерлігі, алпауыт компания өзінің ғасыр тойын қанат астындағы алты бірдей ірі басқармаға өнер мерекесін сыйлауымен ерекшеленеді. Бұл күні қара алтын бұрқағы алғаш атқылаған киелі Доссорға, ең көне тарих иесі «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ардагерлері мен қызметкерлері үлкен құрметке бөленді. Қарт Ембінің керегесін керіп, уығын шаншыған тарихи датаға биыл ғасыр толса, доссорлықтардың еңбек шежіресі күллі республикаға кеңінен мәлім. Басынан бірнеше қоғамдық формацияны өткізген, сұм соғыс өртіне төтеп берген қаһарман ерлер – мұнайшылар туралы қанша жырласаңда аздық етерліктей. **«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Есен Қайыржан:**

– Біздің мұнайшылар айтулы датаға айтулы тартумен келіп отыр. Жайлы тұрмыс үшін жақсы жұмыс жасау керек. Түптеп келгенде, осының бәрі еліміздің тыныштығы мен ынтымағы, ауызбірлігі мен болашағы жолында атқарылып жатқан игі істер. Баршаңыздың деніңізге саулық, бастарыңызға амандық, отбасыларыңызға береке-бірлік тілеймін! – дей келе еңбекте алғы лекте келе жатқан мұнайшыларды бағалы сыйлықтармен, Алғыс хаттармен, төсбелгімен, медальмен марапаттады. Атап айтсақ, ҚР Энергетика министрлігінің **«Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін»** медалімен №1 Ботақан мұнай және газ өндіру цехы бастығының орынбасары Жәнібек Құлғалиев, аталған министрліктің **«Еңбек ардагері»** медалімен Доссордағы Мұнай дайындау және айдау цехының бастығы Адай Сарғалиев, **«Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері»** төсбелгісімен №4 Доссор мұнай және газ өндіру цехының бастығы Жанбол Бекенбаев, **Құрмет грамотасымен** геология және кен орындарын игеру бөлімі бастығының орынбасары Әділбек Құрманқұлов, **Алғыс хатымен** өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы Хакім Омаров, №3 Шығыс Мақат мұнай және газ өндіру цехының бастығы Айнұр Салиев, **«Самұрық-Қазына» әл-ауқат қоры»**



АҚ төсбелгісімен арнаулы техника және автокөлік колоннасының бастығы Махсот Қазиев, **«Қазэнерджи» қауымдастығының Алғыс хатымен** әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бастығы Айбек Ибрашев және тағы басқалар марапатталды. Сондай-ақ, ең үлкен сыйлық – 5 млн. теңге сертификатына №2 Қарсақ мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру операторы – Серік Есмағамбетов ие болды. Ол 1982 жылы аталған кен орнына оператор болып орналасып, әлі күнге сол кен орнында еселі еңбек етуде. Мұнан әрі аталған ұжымды әр жылдары басқарған басшылар ортаға шақырылып, олар да бағалы сыйлықтарға ие болды. Бұған қоса, басқарма ардагерлеріне «Ембімұнайгаз» АҚ-на 100 жыл» мерекелік медалі табысталды.

Мерекелік шарада Мақат ауданы әкімінің орынбасары Азамат Шанғалаев құттықтау сөз сөйлесе, «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының төрағасы Серік Әбдиев пен аталған басқарманың кәсіподақ комитетінің төрағасы Самат Мұханбетов ауызбірлікпен атқарылып жатқан ұжымдық жұмыстың берері мол екеніне тоқталды. Айтқандай, мұнайшылар тек өндірісте ғана емес, өнерде де алда. Мұнайшылар дастарханында доссорлықтар мақтанышы, басқарма қызметкері, әнші Әскер Нұрманов «Еділ мен Жайық» әнін тамылжыта орындаса, белгілі мұнайшы-әнші Жанат Өтепова «Доссор вальсін» шырқап, көп қошеметіне бөленді.

«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының қызметкерлеріне арналған «Мұнайлы өңірге мың тағым» атты думанды кеш өз мәресіне жетіп, көпшілікке көтеріңкі көңіл сыйлады.



ЕҢБЕК АДАМЫНА ҚҰРМЕТ



«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының 100 жылдық мерейлі мерекесіне арналған «Мұнайлы өңірге мың тағзым» атты салтанатты шара «Жылоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында жалғасты. Шараға компания басшылығы, басқарма ардагерлері мен қызметкерлері шақырылды.

Салтанатты шараға жиналған көпшілікті құттықтаған **«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан** бүгінгі таңдағы компанияның қарапайым еңбек адамының жағдайына басымдық беріп келе жатқан құндылығына баса мән бере кетті.

- Ғасырдан астам жер қойнауын игеріп келе жатқан отандық кәсіпорынның еншісінде бүгінгі таңда негізінен кешегі күндерде еңбек еткен ардагерлердің тұсында ашылған кеніштер. Байырғы кен орындары қазіргі күнге дейін ел қазынасын еселеп келе жатса, ол алдымен ардагерлеріміздің, одан қалды бүгінгі мұнайшылардың ерен еңбектерінің нәтижесі. Еңбек адамының алаңсыз қызмет етуіне жағдай жасау- біз үшін маңызды мәселе. Біз әрдайым мұнайшының жағдайын жасауды, оның әлеуметтік тұрақтылықта өмір сүруіне мүмкіндік туғызуды назарда ұстап келеміз. Себебі, тұрмыстық жағдайы жақсы мұнайшдан табысты

еңбекті талап ете аламыз. Бүгінгі ғасырлық мерекемізде әрқайсыларыңыздың еңбектеріңіз бар. Табысты еңбектеріңіз үшін алғысымыз шексіз,-деді компания басшысы.

Ембі өндірісінде ұзақ жылдар еңбек еткен бір топ жылыойлық ардагерге **«Ембімұнайгаз» АҚ-на 100 жыл»** мерекелік медаль салтанатты түрде табысталды.

Әр жылдары «Жылоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасын басқарған майталман мұнайшылар кешегі басшылар да сахна төріне көтеріліп, лайықты марапаттарын алды.

ҚР Энергетика министрілігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен Басқарманың еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бөлімінің бастығы Қайрат Құлбалиев, Құлсарыдағы арнаулы техникалар және автокөліктер керуенінің машинисі Бауыржан Сүйінғалиев,

Құлсарыдағы арнаулы техникалар және автокөліктер керуенінің жүргізушісі Еркін Сатаев **«Еңбек ардагері»** медалімен,

Геология және мұнай - газ кен орындарын игеру бөлімінің бастығы Ахмет Нареков **«Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері»** төсбелгісімен,

Прорвадағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының машинисі Самат Сүлейменов, Прорва кен орнын игеру тобы өндірістік басқармасының жетекші механигі Жанболат Есболаев **Қазақстан Республикасының Энергетика министрілігінің Құрмет грамоталарымен** марапатталды.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрілігінің Алғыс хаттарына ие болғандар: Қосшағыл мұнай-газ өндіру цехының мұнай-газ өндіру операторы Талғат Ерошев пен Прорвадағы мұнай-газ өндіру цехының мұнай-газ өндіру операторы Нұрберген Тапалов.

Прорвадағы өндірістік құрал жабдықтарды жөндеу және пайдалану учаскесінің жөндеушісі Аманжол Әбенев **«Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ-ның Құрмет грамотасымен**,

Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының операторы Жексембай Жұмақұлов **«КазЭнерджи» Қауымдастығының Құрмет грамотасымен** марапатталды.

«КазЭнерджи» Қауымдастығының Алғыс хатымен Терең-Өзек мұнай-газ өндіру цехының мұнай-газ өндіру операторы Асылхан Өскінбаев марапатталды.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Құрмет грамотасымен Терең-Өзек мұнай-газ өндіру цехының мұнай-газ өндіру операторы Жайғали Жалғасбаев, Құлсарыдағы өндірістік құрал жабдықтарды жөндеу және пайдалану учаскесінің жөндеушісі Есенжан Сенғалиев, Зерттеу жұмыстары цехының операторы Айгүл Демесінова марапатталды.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Алғыс хатымен Құлсарыдағы мұнай дайындау және айдау цехының операторы Жанар Өмірзақова, Прорвадағы арнаулы техникалар және автокөліктер керуенінің машинисі Асылбек Біләлов, Прорвадағы мұнай дайындау және айдау цехының лаборанты Сара Қаражігітова марапатталды.

Салтанатты шараның басты марапаты **«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жыл»** мерей тойына орай ұзақ жылғы адал еңбегі үшін **5 000 000 миллион теңгелік сертификатына** Прорвадағы мұнай-газ өндіру цехының операторы **Оразбай Төлеуғалиев** ие болды.



ҚОС БАСҚАРМАНЫҢ САЛТАНАТЫ

Биыл отандық мұнай өндіруші компания- «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жыл. Мерейтойға арналған салтанатты шаралар жыл басынан бастау алып, күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Ембі өндірісінде табысты еңбектерімен ел қазынасын еселей түскен қарапайым мұнайшыларды назардан тыс қалдырмау мақсатында компания басшылығы барлық басқарма ұжымдарында салтанатты шараларды ұйымдастыруды қолға алып, еңбек адамдарын жоғары марапаттармен ұлығылады.

«Мұнайлы өңірге мың тағзым» атты мерекелік шаралар Мақат, Жылыой, Исатай, Қызылқоға аудандарындағы іргелі ұжымдарда өтіп, Атырау қаласындағы «Ембімұнайэнерго» және «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармаларында қорытындыланды. Аталмыш мерекелік шарада басқармалардың ардагерлері мен ұжым мүшелері бас қосып, бір-бірлерін қос мерекемен құттықтады.

«Кешегі тарихсыз бүгін жоқ» дегендей, алдымен қос басқарманың кешегі еңбек күндерінен сыр шертетін, сонымен қатар, өркениет көшімен бірге алға қадам басқан басқармалардың тыныс-тіршілігі бейнеленген деректі фильм шараның шымылдығын түрді.

«Ембімұнайгаз» АҚ-дың өндіріс алаңдарындағы үздіксіз жұмысты қамтамасыз етіп, электр жүйесімен, мұнай өндірісіне қажетті жабдықтармен дер кезінде қамтып отырған қос бірдей басқарма ұжымы бұл мерейтойға жақсы дайындықпен келіп отыр.

Жұртшылық алдына құттықтау лебізімен шыққан **«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Есен Қайыржан Ембі** өндірісіндегі тұрақтылыққа әрбір адамның үлесі барын жоғары бағалап өтті.

– Бүгінгі таңда 5 мыңға тарта адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырған «Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрамындағы «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз», «Ембімұнайэнерго» және «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармаларының тарихындағы кешегі ардагерлер салған сара жолдар бүгінгі таңда сәтімен жалғасып келеді. Маң далада мұнайшылық кәсіпті дамытқан ардагерлеріміздің қазығын қаққан кеніштер күні бүгінге дейін игерілуде. Ортақ қазынамызды еселеп отыр. Сол үшін де ардагер мұнайшыларға тағзым етеміз, деді компания Басқарма төрағасы Е.Қайыржан өз сөзінде.

Компания басшылығы ардагерлер мен қызметкерлерді Энергетика министрлігінің, Казенерджи қауымдастығының, «Самұрық-Қазына» ӘАҚ-ның, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен, төсбелгілермен марапаттады. Сондай-ақ, қос басқарма ардагерлеріне «Ембімұнайгаз» АҚ-на 100 жыл» мерекелік медалі табысталды. Ал, шараның ең үлкен сыйлығы – 5 млн. теңгелік сертификатқа ұзақ жылғы адал еңбегі үшін «ӨТҚЖЖК» басқармасының жүргізушісі Сұлтанғали Тағбергенов пен «Ембімұнайэнерго» басқармасының электромонтері Ақболат Ибрагимов иеленді..

«Ықылас-ниет көңілден кетпес» демекші, әрқайсысы 5 миллион теңгеден сыйақы алған Сұлтанғали мен Ақболат ұжым басшыларына, әріптестеріне өздерінің шексіз алғыстарын білдіріп, бұл қаражаттың отбасы қоржынына айтарлықтай көмек болатынын қуана айтты.

Қос басқарма қызметкерлері мен ардагерлеріне арналған «Мұнайлы өңірге мың тағзым» атты думанды кеште Н.Жантөрин атындағы облыстық филармония әншілері тамаша өнер көрсетіп, мереке иелерінің көңілін көтерді.





АРДАГЕРЛЕР ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

Жыл басталғалы ембіліктердің ерен еңбегін паш ететін ғасыр тойы өзіне лайық сәнімен өтіп жатыр. Ембіліктер өз қуанышын өңірдің руханиятымен, өнерімен, жалпы әлеуметімен бөлісіп, өнер мерекелері мен қайырымдылық акцияларына ұласқан ірі эстафеталық шеру ұйымдастырды. Ал, өткен аптада компанияның акт залында «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының 100 жылдығына орай аппарат ардагерлерін ұлығылауға арналған мерекелік жиын өтті. Шара барысында бас аппаратта табан аудармай ұзақ жылдар адал қызмет атқарған ардагерлердің төсінде «Ембімұнайгаз» АҚ-на 100 жыл» мерекелік медалі жарқырап, құрмет көрсетілді.



Сахна төріне көтерілген ЕМГ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан ардагер мұнайшыларға құрмет көрсету шарасы бұған дейін компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде де өткенін баса айтып, 100 жылғы қол жеткізген жетістіктерде олардың сүбелі үлестері барына ерекше тоқталды. Сонымен қатар, бір топ зейнеткерге мерекелік медаль табыстады.

Бұған қоса, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Мұнайгаз кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен «Доссормұнайгаз» МГӨБ бастығы Серік Әбдиев және қарт Ембінің қанат астындағы өзге басқармалардың да басшылары 100 жылдықтың мерекелік медалімен марапатталды.

Бұған қоса, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова, бас технолог Марат Елеусінов құттықтау сөздерін сөйлеп, бір топ ардақтыларды марапаттады.

Отандық өндірістің көшбасшысы «Ембімұнайгаз» Ембінің ғасыр тойына арналған кезекті салтанатты шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.





ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАР ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ҚАМҚОРЛЫҚҚА АЛДЫ

Биылғы басты әлеуметтік жоба - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның қолдауымен «Жүрек жылуы» атты қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Аталмыш жобаның аясында мұнайлы өңірдің ерекше балаларына медициналық көмек көрсетілді. Нақтыласақ, ерекше балалардың ата-аналарының өтініші бойынша ембілік мұнайшылардың шақыртуымен Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент қаласынан төрт дәрігер келді. Атырауда тапшы мамандар, белгілі дерттер бойынша маманданған дәрігерлерге қаралу үшін атыраулық ата-аналар бұған дейін Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларына барып, жол шығынын көтеруге мәжбүр болатын. Ерекше балалар тәрбиелеп отырған отбасыларының иығына түскен ауыртпалықты сезіп, қол ұшын соза білген ембіліктердің қаражатына «Жүректен - жүрекке» қорының жетекшісі Әмина Досқалиеваның жетекшілігімен қайырымдылық шарасы өз нәтижесін тапты.

- Отандық компанияның ғасырлық тойына орайластырылған «Жүрек жылуы» атты қайырымдылық жобасы жүзеге асып, облыс аумағындағы ерекше балаларға көмек шарасын кең ауқымда өткізуге тырыстық. Төрт күн бойы дәрігерлер қабылдау жасап, 600-ге жуық ерекше бала арнайы келген дәрігер мамандардың қабылдауында болды, - деп атап өтті **«Ембімұнайгаз» АҚ Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық Калидуллин.**

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның шақыртуы бойынша ағымдағы жылдың 22-26 тамызы күндерінде Өзбекстан Республикасының жоғары білікті балалар гинекологы, балалар урологы, эпилептолог, эндокринолог дәрігерлер «WESTERN CLINIC» медициналық орталығында қабылдау жасап, көмекке мұқтаж балаларға қабылдау, кеңестер тегін ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, Атырау облысы бойынша (қала және аудан) 30 балаға әрқайсысына арнайылап өлшеммен Польша, Италия, Германия, Швеция, Қытай елдерінен тапсырыспен ерекше балаларға арналған арба (коляска), сонымен қатар әр балаға 100 ортопедиялық аяқ киім табысталды.

Осындай қолдау көрген екі бірдей ерекше баланың анасы Мина Хадисова ембілік мұнайшыларға алғысы шексіз.

- Мен жыл сайын Ташкент қаласына барып, екі балама қажетті ем алып келетінбіз. Жол қаражаты әрине, қиналтып. Баладан ештеңе аямайсың, жолға кететін қаражатты тиындап жинаушы едім. Биыл ембіліктер біздің өңірде тапшы білікті дәрігерлерді шақыртпақшы дегенді ести сала, өзімнің ұсынысымды айтып, қандай дәрігерлер шақырту жөнінде ойымды ортаға салдым. Ұсынысты қабыл алып, көмек қолын созған мұнайшыларға шексіз ризамын, - дейді **Мина Хадисова.**



ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАР 250 БАЛАҒА МЕКТЕП ҚҰРАЛДАРЫН ТАРТУ ЕТТИ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрылғанына 100 жыл толу мерейтойына орай бірнеше әлеуметтік жобалар қолға алынды. Солардың бірі - «Мектепке жол» жобасы. Биыл мұнайлы өңірдегі әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларында тәрбиеленіп жатқан 250-ге тарта балаға мектепке қажетті құралдардан көмек көрсету қолға алынды.

- «Мектепке жол» акциясы бұған дейін де ұйымдастырылып келген болатын. Биылғы дәстүрлі шара компанияның 100 жылдық мерекесіне орайластырылып отырғандығымен ерекшеленеді. Әлеуметтік көмекке мұқтаж балаларды оқу жылына дайындау мақсатында арнайы мектеп құралдарымен жабдықталған (барлығы 36 құрал) сөмке табысталды. Оқу құралдар арнайы Түркия елінен алдырылды, - деп атап өтті **«Ембімұнайгаз» АҚ Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық Калидуллин.**

Компанияның көмегіне ие болғандардың бірі - **Атырау қаласындағы 7 баланы** тәрбиелеп отырған **жалғызділікті ана Гүлназ Күзембаева.**

- Осы уақытқа дейін жеті баламен баспана жалдап, аздаған табысымды тұрғын үйдің ақысын, одан қалды күнделікті тамақ пен балалардың киім-кешегіне жеткізе алмай қиналатынмын. Әсіресе, жыл сайын оқу жылы басталардағы қиналасымды көрсейсіздер ғой. Биыл осы қиындықтан мені ембілік мұнайшылар құтқарды.

Мектепке қажетті 36 құрал салынған сөмкені көргендегі қуанышымды жеткізу мүмкін емес, - дейді көп балалы ана Гүлназ.

Мұнайлы өңірдің жұртшылығына әрдайым қолдау көрсетуді алға шығаратын «Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік жауапкершілікті әрдайым жоғары бағалайды. «Мектепке жол» акциясын ембіліктер жыл сайын жергілікті әкімшілікпен бірлесе отырып атқарып келеді. Бұл акцияны ембіліктердің дәстүрлі шарасы деуге болады.

Биылғы жобаның аясында әлеуметтік көмек көрсетілетін балалардың тізімі Атыраудағы үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен бірлесе отырып жасалынды.

Мұқтаж отбасыларының тізімін жасарда ашық жұмыс істеуді мақсат еткен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің жұмыстарын ембіліктер жіті назарда ұстап отырғанын айта кету керек.

Атырау қаласы бойынша - 110 оқушы, Мақат ауданы бойынша - 20 оқушы, Жылыой ауданынан - 20 оқушы, Қызылқоға ауданынан - 20 оқушы, Исатай ауданы бойынша 20 оқушы, Индер ауданынан 20 оқушы, Махамбет ауданы - 20 оқушы, Құрманғазы ауданынан 20 оқушыға көмек көрсетілді.

Айта кету керек, Атырау қаласы бойынша ембіліктердің қамқорлығына алынған 110 оқушыға арналған сөмкені жеткізуге Орталық аппараттың қызметкерлері барынша тартылды.

ҒАСЫР ТОЙ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕМ!

ҚАРТ ЕМБІМ,
Қайран Әкем – жасыңдасың!
Құтты болсын ғанибет – ғасыр жасың!
Жыр айдында жүзген бір шағалаңмын,
Қалай мен ақын қызың саналармын?!
Егерде – бұл ТОЙЫҢА
Шабытпен нөсерлетіп бас ұрмасам,
Арнадан буырқанып тасынбасам?!
Бұрқанайын,
Найзағайым сатырла, бір төгейін,
Уытты өлең тудыршы – жыр көмейім.
Құпия – «сыр сандықтай»- ғажап өлкем,
Құдіретіңе мен қалай үндемейін?!
Жатыр-ау шөлейтті аймақ көсіліп бір,
Аңызға, ыстық лебің есіліп тұр.
Бұп – биқұт жатқан осы сары далаңнан-

Елге ырыс – құт құйылып, нәр алып жан-
Толғатады кенді алқап – тесіліп бір...
Қарт ЕМБІМ, 100 – жастасың кемелденген,
Өзіңмен мақтанамын, мерейленем.
Төрт бірдей – өндірістік басқарма бар –
Арасында алпауыт – сол «төрттіктің»-
«Жылоймұнайгаз» дейін – ерек берен!
«300 – түйе керуенмен» - шарладыңыз,
Климаттың – ең ауыр аймағымыз.
Атырауым – мұнайдың астанасы,
Кең Жылыойым, кенішті бас қаласы
Сүт бетінде – өздерің қаймағымыз!
Не бір, не бір абыздар, кемелдерім,
Өмірден өткенің бар, өтпегенің...
Осынау – Мұнай тарихы соқпағында,
Ұмытылмақ емес – еш аттарыңда.

Ұрпаққа – үлгі, сақтаулы көп дерегің ...
Қосшағыл цех, Терең-Өзек, Қисымбайым –
«Ақінгенді» - жазудан бір тынбайым.
«Қара алтын» - қазандығы ортаймасын-
«КЕНДІ ҚҰРСАҚ» - толғатып – тұрсын
дәйім!!!
Ал, барша мәртебелі, мұнайшылар!
Сіздер – тұлға, елге бек шырайсыздар!
Зор саулықта еңбектің таңы атсын,
Бастарыңда – тек Бақыт Шамы жансын!
100 – жылдық, ҒАСЫР ТОЙЫҢ – құтты
болсын!
Шашуын сіздерге арнап жырмен шаштым!

Жаңыл БАЕДІЛОВА,
«Медикер – ӨМ» - «Ақінген» кеніші медбикесі

Шығармашылық

ҚҰТТЫ БОЛСЫН, МҰНАЙШЫ, ТӨЛ МЕРЕКЕҢ!

Биікжал, Тортай, Мұнайлы мен Шөлқара,
Жақындай боп көрінеді бұл ара.
Жазық дала табиғаты осындай
Орын тепкен жүздеген жыл бұл арада
мұнара.

Айранкөл мен Комсомолы елімнің,
Құлсарысы, Қосшағылы жерімнің.
Талай маман туылған елге танымал,
Даңқы артқан білікті ерлері елімнің.

Ата, әке тауды тасты аралап,
Өмір менен қиындықты саралап,
Жеңе білген білімі мен білекпен
Талай кеніш, талай кенді бағалап.

Қарашүңгіл - бабам жері киелі
Халқым жерін «Отаным» деп сүйеді,
Тұңғыш мұнай табу деген мол бақыт
Атам тұрған осы жерге тиеді.

Содан бері талай кеніш ашылды.
Қара алтыннан жүз жиырма жыл шашу
шашылды.
Ақтау, Атырау, Қызылорда, Өзенде
Талай жоспар орындалып тасылды.

Ақкиізтоғай қасиетті болған жер.
Доссор, Мақат, Миялыдай көрді ел.
Қосшағыл мен Қаратон да иініп,
Кенелді ғой мұнайына Ұлы Ел.

Қаражанбас, Қаламқастай жері бай
Әдет-ғұрып, салт дәстүрге елі бай.
Мұнаралар келіндей боп иілген.

Маңғыстауым тәңір берген жерім ай.

Қызылордада Ақшабұлақ кеніші,
Кең Жылыойда Прорва мен Теңізі,
Маңғыстауда ұлы Өзен, Жетібай
Жоқшылықтан сақтап қалған ел ішін.

Қарашығанақ жас мұнайдың мекені
Болашақтан үміт күтер ертеңін
Еліміздің болашағы бар деген
Сенімдікті сендірген тағы бір кені

Байлық болған еліміздің бағына
Шабыттанып жыр жаздырған тағы да.
Алқабы да, адамы да кеңпейіл.
Туған жерім жететін мен сағына.

Сары дала қойнауына кен біткен.
Ұлы дүйім үмітпенен шын күткен,
Айналайын асыл жерден бұйырған
Қара алтыннан қаны тамған кіндіктен.

Сарықамыс пен Бекбике де болған жас.
Мұнай мен газ өндірілген аралас.
Бір кездері мұнай беріп жоспармен
Дүрлеп тұрған ауыл болды Байшонас.

Қажырлы еңбек арқасында маманның
Табылады қара алтыны даланың.
Күнi-түнi жұдырықтай жұмылып,
Біріккенде маманы әр саланың.

Бұл кәсіпте барлық еңбек басталар
Геологтан жер қабатын астарлар
Бұрғышы мен геофизик қолдаса,

Инженерлік құпталады жоспарлар.

Құрылысқа келіп жетсе баппенен,
Ұңғыларды тұрғызатын саппенен.
Кен орынды жетілдіріп беретін
Құрылысшы емеспін мен, әттеген.

Мамандар бар жүргізетін жұмысты,
Күрделі де жер асты мен жер үсті.
Жүргізгенде жұмыстарын қарбалас
Елемейді қиындық деп не шілдені, не қысты.

Сыр білдірсе жер қабаттық қысымдар,
Дер кезінде сын сәттерде қысылған.
Мамандар бар дәрігердей емдейтін
Жер ананы құтқаратын қысымнан.

Келіп жетсе, резервуарға сұйықтық,
Мамандар бар алатұғын ұйытып.
Су мен газды бөліп алар мұнайдан,
Келіп тұрған игілікке бұйыртып.

Жарылады мерекеде бұл жүрек
Ағылады ақ ниетпен ақ тілек
Барша елдің бақытына сән берген
Мұнайымыз келе берсін көбірек.

Құтты болсын, мұнайшы, төл мерекең!
Аса берсін даңқың менен берекең!
Сен бар жерде бар болады қара алтын,
Сол алтынмен, бұйыртса болар Ел көркем!!!

Айнұр ШАНЕНОВА.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: Ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация
министрлігінің Ақпарат комитетінен
мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23
желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш.
Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі мекен-
жайға жолдай аласыздар:**

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmger.kz
А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmger.kz
И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64; 21-166
I.Satylganova@emg.kmger.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС
Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.
Тел: +7(7172) 21-50-86.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының
экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс
жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару
және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру
департаментінің директоры;

Қ.Калидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік
қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұқанғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің
бастығы;

Ғ.Қаражанова - ұйымдастыру бөлімінің жетекші
маманы;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.